

Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткерлердің үгіт баспа материалдарын орналастыруға орындарды және сайлаушылармен кездесулерін өткізуге жайларды анықтау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы N 88/1 қаулысы. Павлодар облысы Ертіс ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 02 наурызда N 12-7-116 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 09 маусымдағы N 275/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011.06.09 N 275/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабы 6 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ертіс аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткерлердің үгіт баспа материалдарын орналастыруға орындардың және сайлаушылармен кездесулерін өткізуге жайлардың (бұдан әрі - Орналастыру орындары) тізбесі 1, 2 қосымшаларға сәйкес анықталсын.

2. Ертіс ауданының ауылдық округтері мен ауыл әкімдеріне, Ертіс ауданының ішкі саясат бөліміне үгіт баспа материалдарын орналастыру орындарында стендтерді, жайма тақталарды және тумбаларды орнату, Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткерлердің сайлаушылармен кездесулерін өткізуге жайларды дайындау бойынша шаралар қабылдасын.

3. Нақты қаулы ресми түрде бірінші жарияланғаннан соң он күнтізбелік күні өткен соң қолданысқа енеді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Т. Тілеуоваға жүктелсін.

Аудан әкімі

В. Левченко

Келісілді

*Ертіс аудандық аумақтық сайлау
комиссиясының төрағасы* *Х. Жүсіпов*

2011 ж. 28 ақпан

Ертіс ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 28 ақпандағы
N 88 / 1 қаулысына
1 қосымша

**Үгіт баспасөз материалдарын орналастыру
үшін орындарды белгілеу ТІЗБЕСІ**

N	Тұрғылықты кенттің атауы	Стендтерді орналастыру орны	Саны
1	2	3	4
1	Ертіс ауылы	Мәдениет үйі, Орталық алаң, Орталық базар	3
2	Абай	Мәдениет үйі, аурухана, балабақша	3
3	Аманкелді	Пошта, дәрігерлік пункт (келісім бойынша)	2
4	Ағашорын	Демалыс орталығы, дүкен (келісім бойынша)	2
5	Байзақов	Мәдениет үйі, дүкен, автовокзал (келісім бойынша)	3
6	Қосағаш	Демалыс орталығы, әкімдік	2
7	Қызылжар	Орталық контора, дәрігерлік пункт, балабақша (келісім бойынша)	3
8	Қоскөл	Дүкен, ауылдық клуб (келісім бойынша)	2
9	Қарақұдық	ФАП, Мәдениет үйі	2
10	Қызылқақ	Мәдениет үйі, дәрігерлік пункт	2
11	Ленин	Дәріхана, АДА, пошта, дүкен (келісім бойынша)	4
12	Луговой	Ауылдық клуб, дәрігерлік пункт	2
13	Майқоңыр	Дүкен, ФАП, наубайхана, контора (келісім бойынша)	4
14	Панфилов	Мәдениет үйі, "Панфилов" ЖШС (келісім бойынша)	2
15	Северный	Дүкен, ФАП, Мәдениет үйі, Орталық алаң	4
16	Сілеті	Пошта, кітапхана, дүкен, мәдениет үйі, ФАП (келісім бойынша)	5
17	Тоқта	ФАП, Мәдениет үйі	2
18	Ұзынсу	Мәдениет үйі, АДА, дүкен, пошта (келісім бойынша)	4
Барлығы:			51

Ертіс ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 28 ақпандағы
N 88 / 1 қаулысына
2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткерлердің
сайлаушылармен кездесулерін өткізуге жайларының ТІЗБЕСІ**

N	Тұрғылықты кенттің атауы	Кездесу өткізу орындары
1	Ертіс ауылы	Ертіс АМУ
2	Ертіс ауылы	"Нұр Отан" ХДП АФ (келісім бойынша)
3	Ертіс ауылы	Аудандық ұлттық кітапхана
4	Ертіс ауылы	N 1 бала бақша
5	Ертіс ауылы	N 2 бала бақша
6	Ертіс ауылы	Аудандық орталық ауруханасы
7	Ертіс ауылы	Казпошта (келісім бойынша)
8	Ертіс ауылы	N 3 ЖББМ
9	Ертіс ауылы	"Спорт мектебі" МКҚК
10	Қызылжар ауылы	"Иртышское" ТШ (келісім бойынша)
11	Панфилов ауылы	Панфилов ЖББМ
12	Ұзынсу ауылы	Ұзынсу ЖББМ
13	Северный ауылы	Северный ЖББМ
14	Қызылжар	Қызылжар МҮ
15	Байзақов ауылы	М.Горький ЖББМ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК